

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

1 (395)

JANUARY-FEBRUARY 2022

ALMATY, NAS RK

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Бас редактор:

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 3

Редакция алқасы:

ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Патетре, Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) Н = 19

БАНАС Йозеф, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Могила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) Н = 3

ИСМАҒҰЛОВ Оразак Исмағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 6

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы, саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

НУРҚАТОВА Лязгат Төлегенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ресей білім академиясының академигі (Мәскеу қ.), Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, педагогика кафедрасының меңгерушісі, К.Г. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және технологиялар факультетінің деканы (Мәскеу, Ресей) Н = 34

ДЫБО Анна Владимировна, филология ғылымдарының докторы, РҒА корреспондент-мүшесі, РҒА Тіл білімі институтының Орал-алтай тілдері бөлімінің меңгерушісі (Мәскеу, Ресей) Н = 3

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылманың тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

Главный редактор:

КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

Редакционная коллегия:

ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Пэтрэ, доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

БАНАС Йозеф, доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна, доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

АБЖАНОВ Ханкелди Махматович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хусаинович, доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич, доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна, доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

НУРКАТОВА Лязгат Толегеновна, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, академик Российской академии образования (г. Москва), директор Центра развития педагогического образования (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики, декан факультета Социально-гуманитарных наук и технологий Московского государственного университета технологий и управления имени К.Г. Разумовского (Москва, Россия) Н = 34

ДЫБО Анна Владимировна, доктор филологических наук, член-корреспондент РАН, заведующий отделом урало-алтайских языков Института языкознания РАН (Москва, Россия) Н = 3

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

Editor in chief

KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

Editorial board:

OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SAPARBAYEV Abdizhappar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

JOVICA Radu Petre, Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

BANAS Joseph, Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

LUKYANENKO Irina, doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

MAKULOVA Aymzhan Tulegenovna, doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

BIZHANOV Akhan Khusainovich, Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SABIKENOV Salakhiden Nursarievich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

BAITANAEV Baurzhan Abishevich, Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna, Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHAUKENOVA Zarema, Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna, Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, academician of the Russian Academy of Education (Moscow), Director of the Center for the Development of Pedagogical Education (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHISHOV Sergey, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Dean of the Faculty of Social Sciences and Humanities and Technologies of the Razumovsky Moscow State University of Technologies and Management (Moscow, Russia) H = 34

DYBO Anna Vladimirovna, Doctor of Philology, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, Head of the Department of Ural-Altai Languages of the Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences (Moscow, Russia) H = 3

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. **16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

О.С. Жұбай^{1*}, Т.Б. Рамазанов², А.Б. Шормакова³

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан;

^{2,3}Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

E-mail: alm-ornai@mail.ru

«ЕТІС» ГРАММАТИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІСІН КОГНИТИВТІ АСПЕКТІДЕ ОҚЫТУДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР

Аннотация. Мақалада «қатынас» концептін репрезентациялайтын қазақ тіліндегі етіс категориясын оқытуда басшылыққа алынатын ұстанымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Кеменгерұлы, Қ. Жұбанов, Ы. Маманов, С. Исаев сынды ғалымдардың тұжырымдары мен эксперимент нәтижелері негізінде сипатталып, грамматикалық категорияның антропоэзектілік сипаты, қолданылу ерекшеліктері анықталады. Қатынас морфологияның түрлі деңгейлерінде концептуалданады. Морфологиялық жолмен берілетін басқа концептілер сияқты етіс жіктеуші сипатта болады. Ол белгілі бір жағдаятқа қатысушылардың субъектілі-объектілі қатынастарының сипаты туралы тілдік білімдерге негізделеді. Сөйлеуші түрлі етіс тұлғаларын қолдана отырып, жағдаятты қалай қабылдағанын білдіре алады, атауға ие болған зат не адамды бастауыш мәнінде не белсенді субъекті ретінде қолданылды. Яғни іс-әрекеттің бағытын білдіреді. Тілдегі актив және пассив құрылымдар ұлттық менталитетті танытатын құралдарға жатады. Адам объективті шындықты, ақиқат болмысты өзгертетін субъект ретінде көрінетін актив құрылымдар ұлттық болмысты таныта алады. Сондай-ақ пассив құрылымдар да ұлттық менталитеттің көрсеткіші болып табылады. Түрлі әлеуметтік-демографиялық топтан құралған информанттар арасында эксперименттер жүргізу арқылы жекелеген грамматикалық категорияларды (етіс) сөйлеушілердің қабылдау ерекшелігі, етіс семантикасының тілдік санадағы көрінісін, түсінік деңгейі анықталады. Қазақ тілді сөйлеушілердің тілдік санасында өздік, ырықсыз, ортақ етіс мазмұн межесі мен тұрпат межесі тұрғысынан толық қалыптасқаны, ал өзгелік етіс тұлғалары тілдік санада әлі орныға қоймағаны, оның себептері көрсетіледі. Грамматикалық категориялар концептуалдау және категориялау үдерістерінің нәтижесі екенін көрсете отырып, морфологиялық репрезентация арқылы грамматикалық категориялардағы ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері айқындалады. Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, адамды сол халықтың туа біткен толыққанды мүшесі ететін, әр адамды сол тілді пайдаланушы халықтың тұлғасы етіп шығаратын құдіретті күші екендігі мақалада айқын суреттеледі.

Мақала OR 11465483 «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты зерттеу жобасы аясында жазылды.

Түйінді сөздер: антропоэзектік, грамматикалық категория, қарым-қатынас, ұлттық ерекшелік.

О.С. Жұбай^{1*}, Т.Б. Рамазанов², А.Б. Шормакова³

¹КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Қазақстан;

^{2,3}Институт Языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Алматы, Қазақстан.

E-mail: alm-ornai@mail.ru

ПРИНЦИПЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ГРАММАТИЧЕСКОГО КОНЦЕПТА «ЗАЛОГА» В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ

Аннотация. В статье описаны принципы обучения категории глаголов в казахском языке, представляющей понятие «общение», основанные на исследованиях А. Байтұрсынова, К. Кеменгерова, К. Жұбанова, И. Маманова, С. Исаева и результатах эксперимента. Выявлен характер

антропоцентричности грамматических категорий в их содержании и функционировании. В соответствии с целями и задачами исследования использованы: метод описания, общенаучные методы анализа и синтеза, когнитивный анализ, метод эксперимента, контекстуальный анализ, структурно-семантический анализ, прием трансформации, сравнительный анализ. На основе обобщения и сравнительного анализа характера и формы отражения человеческого фактора в грамматических категориях казахского языка выявлена национально-культурная специфика грамматических категорий. Исследование закладывает основы нового для казахского языкознания научного направления – антропоцентрической грамматики казахского языка. Согласно антропоцентрическому направлению в современной лингвистике особое внимание уделяется влиянию языка на систему мышления и действия человека, а также влиянию человека на язык, человеческому фактору в языке. С этой точки зрения наблюдается отношение бытия, характера, мировоззрения человека, участников коммуникативного акта и др. антропоцентрического характера на объективную ситуацию в становлении грамматических категорий. И как результат этого грамматические категории в разной форме формируются через языковые единицы.

Путем проведения серии экспериментов с разными по социально-демографическим параметрам информантами выявлено отражение в языковом сознании носителей казахского языка грамматической категории залога, являющейся в содержательном плане сложной и до сего времени неоднозначно трактуемой разными исследователями. Таким образом, в работе дана комплексная характеристика антропоцентричности грамматических категорий казахского языка, выявлена национально-культурная самобытность грамматических категорий.

Статья написана в рамках исследовательского проекта OR 11465483 «Разработка серии обновленных нормативных словарей и академических изданий, обеспечивающих перевод государственного языка на национальный латинографический алфавит».

Ключевые слова: антропоцентричность, грамматические категории, акт коммуникации, национально-культурная специфика.

O.S. Zhubay^{1*}, T.B. Ramazanov², A.B. Shormakova³

¹Acting Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;

^{2,3}Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: alm-ornai@mail.ru

PRINCIPLES OF TEACHING THE GRAMMATICAL CONCEPT OF «VOICE» IN THE COGNITIVE ASPECT

Abstract. The article describes the principles of teaching the category of verbs in the Kazakh language, representing the concept of «communication», based on the research of A. Baitursynov, K. Kemengerov, K. Zhubanov, I. Mamanov, S. Isaev and the results of the experiment. The character of anthropocentricity of grammatical categories in their content and functioning is revealed. According to the research objectives and goals there have been used: the description method, all-scientific methods of analysis and synthesis, cognitive analysis, method of experiment, contextual analysis, structural-semantic analysis, mode of transformation, comparative analysis. On the basis of generalization and comparative analysis of nature and forms of human factor reflection in Kazakh grammatical categories there has been revealed the national-cultural specific character of grammatical categories. In the research paper an integrated description of anthropocentricity of the main grammatical categories in the Kazakh language is given; the national-cultural originality of grammatical categories has been revealed. Carrying out some experiments with a number of informants with different social-demographic profiles, to reveal in a linguistic consciousness of native speakers of the Kazakh language the reflection of grammatical category of voice that is substantially complicated and still interpreted in different ways by various researchers.

The article was written within the framework of the research project OR 11465483 «Development of a series of updated normative dictionaries and academic publications that provide translation of the state language into the national latin alphabet»

Key words: anthropocentricity, grammatical categories, the action of communication, national and cultural specificity.

Кіріспе. Бүгінгі таңда «тілді грамматикасыз үйрету керек» деген ұстаным негізге алынып келеді. Шынтауайтында, тілді грамматикасыз үйрету мүмкін емес, онсыз тілдегі норманы түсіндіру мүмкін болмайды. Грамматиканы жалаң ережелердің жиынтығы ретінде сипаттамай, мән бере оқытқанда, оқушының ойын, ойлау қабылетін дамыта отырып, әр атауға мән беріп оқытқанда, қазақ тілі туралы таным-түсінік қалыптастырғанда балалардың пәнге қызығушылығы арта түсер еді. Қатынас – белгілі бір нәрсе туралы коммуниканттар санасында бейнеленетін ментальді түзілімді реттеу үдерісі болып табылады. Ол белгілі бір зат туралы коммуниканттардың ойында түсінік қалыптастыруды мақсат етеді. Сөйлеу барысында сөйлеуші екінші коммуникант санасында ұқсас ой туындатады. Сөйленіс мақсаты – реципиенттің ойына қандай да бір өзгеріс енгізу. Сөйлеуші түрлі етіс тұлғаларын қолдана отырып, жағдаятты қалай қабылдағанын білдіре алады, атауға ие болған зат не адамды бастауыш мәнінде не белсенді субъекті ретінде қолданылды. Яғни іс-әрекеттің бағытын (бастауышқа бағытталған немесе бастауыштан бағытталған) білдіреді.

Зерттеу материалы мен әдістері. Зерттеу материалы – қазақ тіліндегі етіс тұлғалары. Етіс – субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы. Сол себепті етіс концепті қалыптасуы үшін «қатынас» концепті негізгі концепт ретінде сипатталады. Бұл концепт жалпылау (дерексіздену) когнитивті механизмінің әсерімен түзіледі. Жалпылау арқылы қатынас негізгі концептінің мазмұнында субъектілі-объектілі қатынас үшін маңызды болатын «іс-әрекеттің субъекті мен объектіге қатынасы» сипаты ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысында когнитивті-репрезентативті әдіс, салыстыру, талдау, саралау және жалпылау әдістері, коммуникативті әдіс, когнитивті талдау, сипаттама, құрылымдық-семантикалық талдаумен қатар когнитивті-прагматикалық интерпретация, трансформация, эксперимент, жүйелеу әдістері қолданылды.

Талқылау. Бүгінгі таңда озық ойлы әдіскерлер зерттеулерінде қазақ тілін оқытуда оқушылардың оқу-танымдық мотивтерін қалыптастыру, мән бере оқыту мәселесіне ерекше ден қойып келеді. Мектепте білімнің үстірт меңгеріліп жатқаны, қазақ тілі пәнін мән бере оқытуға жете көңіл бөлінбей жатқаны жасырын емес. Осыған байланысты профессор Ж. Дәулетбекова: «Қазақ тілі пәнін меңгертуде оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, оның тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруға мән бере оқыту қажет. Бұл бағытта оқушының теориялық тақырыптарды дүниетанымдық тұрғыдан игеруі маңызды саналады... Ойлау қабілетін жетілдірудің бір тетігі – оқушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру. Тіл пәні балаға тек грамматиканы, пунктуацияны меңгерту үшін оқытылмайды. Сондықтан ұсынылатын теориялық тақырыптар ауқымында тіл құбылыс ретінде ғаламның айрықша бір бөлшегі екендігін, оның өзіне тән заңдылықтары мен ерекшеліктері болатындығын, тілдің ұлттық ділмен, халық танымымен сабақтастығын таныту нәтижесінде ғана баланың тіл туралы өзіндік көзқарасы пайда болады. Сабақ барысында тілдің жүйелі әрі дамушы құбылыс екенін білу, тілдің ұлттық құндылық екенін, ата-бабалардан қалған асыл аманат екенін түсіну, тілдің ұлтты ұйыстырушы негіз, халықты біріктіруші мәйек екенін білу, тілдің жеке адам мәдениетінің ғана емес, жалпы ұлт мәдениетінің көрсеткіші екенін түйсіну арқылы оның тілге деген қатынасы қалыптасып, жауапкершілік сезімі артады. Ал мұның бәрі тіл мен тарихтың, тіл мен ділдің байланысы туралы ұғымды кеңейту арқылы жүзеге асады», – деген еді [1].

Бүгінгі таңда жаңа бағыттарға сәйкес қайта қарауды қажет ететін, оқыту барысында оқушылардың тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруда маңызды саналатын категориялардың бірі – етіс категориясы. Түркітануда, оның ішінде қазақ тіл білімінде етіс категориясы ғалымдар назарын аудартып, көптеген талас тудырып келеді. Етісті антропоэзектік тұрғыдан зерттеп, оның тілдік табиғатын ашу етістің өзіндік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Сол арқылы тіл білімінде талас тудырып жүрген көптеген мәселелер өз шешімін табады.

Ғасырдан астам уақыт бойы сөз болғанмен, бұл мәселе төңірегінде әлі де шешіле қоймаған түйткілдер баршылық. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі зерттеушілер етісті бірде етістік (А. Казембек), бірде форма, формация (Н.И. Ильминский), бірде вид («Грамматика алтайского языка») деп түрліше атаған. П.М. Мелиоранский, М. Терентьев грамматикаларында ғана етіс түрлері «залог» деп аталған. Етістіктің бұл түрін етіс деп танымай, оның орнына форма, негіз, етістік сияқты атауларды қолдану Н.П. Дыренкова, А.Н. Кононов, В.Е. Егоров, Ж. Дени т.б. еңбектерінде де өріс алды. Сонымен қатар М.А. Казем-Бек, Н.И. Ильминский, М. Терентьев, П.М. Мелиоранский еңбектерінде болымсыз етістіктер етістің бір түрі ретінде («отрицательный залог») берілген. **-ңқыра/-ңкіре** жұрнақтарын Н.И. Ильминский «уменьшительная форма» деп атаса, «Грамматика киргизского языка» деген кітапта ол күшейткіш етіс («усилительный залог») көрсеткіштері ретінде берілген. Яғни ұлттық тіл білімі

қалыптасқанға дейінгі кезеңде зерттеушілер етіс категориясын түрліше таныған, ортақ ұстанымдар болмаған. Ал етістіктің болымсыздық жұрнақтары да, **-ңқыра/-ңкіре** жұрнақтары қатынас мәнін бере алмайды. Сондықтан олар етіс категориясын құрай алмайды. А. Байтұрсынұлы етістің 10 түрін көрсетеді: *өздік: -н, ырықсыз: -л, ортақ: -с, салт, сабақты, беделді: -дыр, өзгелік: -ғыз, шығыс: -стыр, өсіңкі: -қыла, дүркінді: -ңқыра* [2]. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Кеменгерұлы, Қ. Жұбановтың етістерді тануын салыстыратын болсақ, мынадай ерекшеліктер байқалады:

1-кесте. Ұлттық тіл білімі қалыптасқан кезеңдегі ғалымдардың етісті жіктеуі

| А. Байтұрсынұлы | Қ. Кеменгерұлы | Қ. Жұбанов |
|----------------------|---|---|
| 1. өздік: -н | 1. өздік (возвратный): -н | 1. өздік етіс |
| 2. ырықсыз: -л | 2. ырықсыз (страдательный): -л | 2. ырықсыз: -л |
| 3. ортақ: -с | 3. ортақ (взаимный): -с | 3. ортақ: -с |
| 4. салт | 4. салт (средний) | 4. салт |
| 5. сабақты | 5. сабақты етіс -т, -ыр/-ір/-р, -дыр/-дір, -қыз/-кіз | 5. сабақты |
| 6. беделді: -дыр | 6. беделді етіс: -т, -ыр/-ір/-р, -дыр/-дір, -қыз/-кіз | 6. өзгелік етіс: -тыр/-тір, -қыз/-кіз, -ыт/-іт, -ыр/-ір |
| 7. өзгелік: -ғыз | | |
| 8. шығыс: -стыр | | |
| 9. өсіңкі: -қыла | прогрессивный вид: -қыла/-кіле | 7. өсіңкі етіс: -ңқыра/-ңкіре |
| 10. дүркінді: -ңқыра | многократный вид: -ңқыра/-ңкіре | |

Ғалымдар салт, сабақты, өздік, ырықсыз, ортақ етістерді бірдей таныған. А. Байтұрсынұлы әр етіс түрін даралап, әрқайсысының көрсеткіштерін көрсетіп, оған өзінше ат беруге тырысса, Қ. Кеменгерұлы мен Қ. Жұбанов мағыналық, тұлғалық ұқсастықтарына байланысты басын біріктіріп, жинақтауға ұмтылған. А. Байтұрсынұлы жіктеуіндегі беделді етіс, өзгелік етіс, шағыс етістерді топтастырып, бір етіс түрінде беру, дүркінді етісті (многократный вид) етіс қатарына қоспау жағынан келгенде, Қ. Кеменгерұлы мен Қ. Жұбанов еңбектері өзара ұқсас. Қ. Жұбанов өсіңкі етісті етіс қатарына шартты түрде қосып отырғанын айта келіп, былай дейді: «Өсіңкі етіс мағынасы жағынан етіс емес, сонда да құрылысы жағынан (етіс үстеулері сияқты мұның үстеуі түбір мен **-ма**-ның аралығына тығылатын болғандықтан) етіске ұқсас болғандықтан, жетінші етіске мұны да санадық» [3, 380].

А. Байтұрсынұлы жіктеуіндегі беделді етіс, өзгелік етіс, шағыс етістерді Қ. Кеменгерұлы мен Қ. Жұбанов жинақтап, өзгелік етіс (*беделді етіс* – Қ. Жұбанов) түрінде берген. Қ. Кеменгерұлы **-т, -р, -қыз, -тыр** т.с.с. жұрнақтардың сөздің соңғы дыбысына қарай ауысып отыратынын, алайда олар сөзге бірдей мағына үстейтінін көрсетеді. Қ. Жұбанов беделді, өзгелік етістерді топтастырып беру себебін былайша түсіндіреді: «Бұрынғы өзгелік етіс пен беделді етісті екеуін бір қостық. Үйткені екеуі де – өзге біреу арқылы істелетін іс. Өзге біреуге беделінді саласың ба, қорқытасың ба – бәрібір. Тіл мұнысын айырмайды» [3, 381]. Сол сияқты өсіңкі, дүркінді етістерді етіс категориясына қоспаған. Сондықтан А. Байтұрсынұлы етістің 10 түрін көрсетсе, Қ. Кеменгерұлы 6 түрін, Қ. Жұбанов 7 түрін көрсетеді.

Жоғарыда аталған етіске қойылатын талаптар үдесінен тексеретін болсақ, сабақты етіс етіске қойылатын талаптарға толық жауап береді. Сабақты етіс те, басқа етістер сияқты, қатынас идеясын репрезентациялап, субъектілі-объектілі қатынасты білдіреді. Қазіргі ғылыми парадигмаларда таным процесіндегі субъектінің белсенділігіне ерекше назар аударылады [4, 14]. Сабақты етіс тұлғалары морфологиялық жолмен берілетін етіс концептінің мазмұнында «белсенділік» сипатын активтендіреді. Сол арқылы «белсенділік» морфологиялық мәні түзіліп, бастауыш қызметіндегі субъект қимылдың иесі екенін білдіреді. Мысалы: *Шілденің шеке қызар, ми қайнар күні. Ділграмның тақтайдай қара жолмен қос ат жеңіл тырашбеңкені **быжылдатып** келеді* (Ж. Аймауытұлы, Шығ.). *Сәуірдің алашабыр бұлты арылмай-ақ Баянауыл, Қызылтаудағы қалың сүйіндік **атандарын алқынтып**, бұйдасын көш құлаш созып, Бөкембай, Арқалық, Жаманадыр, Желдіадырдан асып, Шідертіге қарай ағыл-тегіл құлай бастайды* (Ж. Аймауытұлы, Шығ.).

Бұл мән жалпылық сипат алып, субъектінің бастауыш қызметінде, объектінің толықтауыш қызметінде жұмсалатынын білдіреді. Ол семантикалық, синтаксистік және мәнмәтін факторлары сияқты қосымша лингвистикалық факторлардың көмегімен нақтылана түседі.

Тура толықтауышты ғана қажет ететін, салт етістерге **-т, -тыр, -қыз, -р** жұрнақтары жалғану арқылы жасалған етіс түрі – *сабақты етіс* те, сабақты етіске (негізгі, туынды) аталған қосымшалар үстеліп, сөйлемде тура толықтауышпен қатар барыс септіккі жанама толықтауыштың да болуын қажет ететін етіс түрі *өзгелік етіс* болуы керек. Бұл орайда «Қазақ грамматикасында» С. Исаев

етістіктің салттылық және сабақтылық сипаты оның жалпы грамматикалық семантикасына, яғни тура объективтіні қажет ету-етпеуіне байланысты екенін айта келіп: «Салттылық-сабақтылық мәнді көрсетерлік етістіктің арнайы грамматикалық (парадигмалық) формалары жоқ. Етіс жұрнақтарының көпшілігі салттылық-сабақтылық мәнмен, яғни өзгелік етіс сабақтылықпен, өздік етіс пен ырықсыз етіс салт етістікпен байланысты, бірақ бұл қасиет оның бірден-бір грамматикалық көрсеткіші емес. Салттылық-сабақтылық мән етістіктің грамматикалық мағынасы арқылы түсініліп, сөйлеу процесінде тура толықтауышты (тура объектіні) меңгеру-меңгермеу сипаты негізінде көрінеді. Сөйтіп, бұл құбылыс етістіктің таза грамматикалық сипаты емес, әрі тікелей семантикалық, әрі синтаксистік-қатынастық қасиеттерінің көрінісі болып табылады. Сондықтан салттылық-сабақтылық сипатты (грамматикалық ерекшелікті) етістіктің лексика-грамматикалық категориясы деп таныған жөн», – дейді [5, 499]. Бұл орайда бір нәрсені ескеру қажет: қазақ тілінде салт етістің арнайы көрсеткіштері болмағанмен, сабақты етістің көрсеткіштері бар: **-т, -тыр, -қыз, -р**. Алайда бұл көрсеткіштер өзгелік етіс қосымшаларымен ұқсас, омонимдес жұрнақтар болып табылады. Осындай тұлғалық ұқсастығына байланысты А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанұлы еңбектерінде етіс категориясы ретінде танылған салт, сабақты етістер 30-жылдардың аяғынан бастап оқулықтар мен грамматикаларда етіс қатарынан ығыстырыла бастайды. І. Кеңесбаев 1939 жылы жарық көрген «Қазақ тілі» атты оқулығында Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбановтардың үлгісімен етістің 6 түрін көрсетіп, салт, сабақты етістіктерді етіс ретінде танығанмен, кейінгі еңбектерінде етістің 4 түрін ғана атайды. 30-жылдардың аяғынан бастап, көрсеткіштері бірдей болғандықтан, сабақты етіс пен беделді (өзгелік) етіс біріктіріліп, салт, сабақты етістер етіске тән мағынасы мен қызметіне қарамастан, етіс аясынан алшақтатыла бастады. Бұл үрдіс 1957 жылы Уфада өткен етіс мәселесін қарастырған координациялық кеңесте де өріс алды. Бұл арада, сабақты етіс пен беделді (өзгелік) етістің басын біріктіру керек дегенде, аталған етістердің өзіндік ерекшеліктері ескерілмей қалып отыр. *Біріншіден*, сабақты етісте тура толықтауыш қана қатысады, ал өзгелік етісте тура толықтауышпен қатар барыс септігіндегі жанама толықтауыш та болуы шарт; *екіншіден*, сабақты етіс салт етістікке **-т, -қыз, -тыр, -р** сияқты қосымшалардың жалғануы арқылы жасалса, беделді (өзгелік) етіс осындай туынды сабақты етістіктерге немесе негізгі сабақты етістіктерге аталған жұрнақтардың үстелуінің нәтижесінде ғана жасалады. Осындай ерекшеліктеріне байланысты Ы. Маманов, С. Исаев еңбектерінде сабақты етістік пен өзгелік етісті біріктіру қисынсыз болатыны туралы айтылады. Ы. Маманов *өткізу, түсіру, көбейту, көңілдендіру, пісіру* – сабақты етістік, *көріну, созылу, үзілу, жырылу, салыну, сүйіну* етістіктерін салт етістіктерге жатқызып: «Салт және сабақты етістіктердің арнайы морфема арқылы жасалған тұлғасы олардың ауыспалы түрі болып табылады. Себебі арнайы морфемалар арқылы салт етістіктердің бір-біріне ауысуы етіс формаларымен ұштасып жатады. Яғни өздік және етістіктердің жұрнақтары сабақты етістікті салт етістікке айналдыратын морфема қызметін атқарса, өзгелік етіс жұрнағы салт етістікті сабақты етістікке айналдыратын морфема болып табылады... Салт етістіктер екі түрде жұмсалады. Біріншісі, тура салт етістік бұған түбір етістік (негізгі түбір, туынды түбір, қос түбір, тіркесті түбір) күйінде тұрып табыс септігін меңгермейтін етістіктер жатады. Олардың салт етістік мағынасын білдіретін арнайы грамматикалық көрсеткіші болмайды. Салттық мағына бұлардың өз бойында, яғни лексикалық мағынасында сақталады... Салт етістіктің екінші түрі – ауыспалы салт етістік. Бұл сабақты етістіктерге өздік және ырықсыз етіс жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *көріну, басылу, көтерілу, зарлану* т.б.», – деп жазады [6, 37]. Сабақты етіс етіске тән өзіндік мағынасы мен арнаулы көрсеткіштері болуына байланысты (**-т, -тыр, -қыз, -р**) етіс категориясынан өз орнын алуы керек. Ал сабақты етіс етіс ретінде танылатын болса, онымен оппозиция құрайтын, яғни тура толықтауышты (объектіні) керек етпейтін салт етіс те осы категория шеңберінде қарастырылуы қажет.

Біздің ойымызша, салт, сабақтылықты орыс тілінің үлгісімен переходность/непереходность категориясына байланысты сөз етпей, дербес етіс түрі ретінде арнайы қарастыру керек. Сондықтан өздік және ырықсыз етістердің негізгі мәнін етістерді салт-сабақты етістікке айналдыру қызметімен шектеуге болмайды.

Өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті (ол екінші субъекті қимылды, іс-әрекетті тікелей орындап, іске асырушы субъекті агент деп аталады) арқылы істелінетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен (кез келген етістіктен емес) белгілі бір қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады. Демек, өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады: бірі – іс-әрекетті, қимылды орындатушы, сөйлемде ол грамматикалық бастауыш қызметінде болады, яғни бұл логикалық субъекті әрі грамматикалық субъекті болады, екіншісі, іс-әрекетті, қимылды тікелей орындаушы

субъекті (агенс). Ол сөйлемде берілмеуі де мүмкін, берілсе, барыс септік тұлғасында тұрып, ол сөз сөйлемде жанама толықтауыш қызметін атқарады. Бұл – бір. Екіншіден, өзгелік етіс тек сабақты етістікпен жасалады, сабақты етістікке өзгелік етіс қосымшасы үстелгенде, ол баяндауыш болып тұрған сөйлемде тек іс-әрекет, қимылды тікелей атқарушы барыс септіктегі екінші субъект (агенс) қана пайда болады, баяндауыш сабақты етістікті сөйлемде іс-әрекетті орындатушы субъект пен объект өзгелік етіс қосымшасы қосылмай тұрғанның өзінде бар болатын [5, 510].

Қазақ тілінің ғылыми бейнесін қалыптастыруға атсалысқан ғалымдардың еңбектерін сараптай келе, Қ.Кемеңгерұлы мен Қ.Жұбанов беделді (өзгелік) етістің өзіндік ерекшелігін түсінгенін көреміз. Ғалымдар **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтары салт етіске жалғанса, беделді етіс емес, сабақты етіс жасалатынын, ал беделді етіс болуы үшін аталған қосымшалар сабақты етістіктерге жалғануы керектігін айтады. Сонымен қатар Қ.Кемеңгерұлы беделді етіс болу үшін тура толықтауышпен қатар жанама толықтауыштың да болуы шарт екенін ескертеді. Ғалым *сындыр, отырғыз* сияқты сабақты етістер мен *сындырт, жүргіздір, қаздыр, сұрат* секілді беделді етістерді салыстыра отырып, көрсеткіштері бір болғанмен, олар түрлі етіске жататынын айтады. Сонда, Қ. Кемеңгерұлының түсіндіруінше, тура толықтауышты ғана қажет ететін, салт етістерге **-т, -тыр, -қыз, -р** жұрнақтары жалғану арқылы жасалған етіс түрі – сабақты етіс те, сабақты етіске (негізгі, туынды) аталған қосымшалар үстеліп, сөйлемде тура толықтауышпен (прямое дополнение – Қ.К.) қатар барыс септікті жанама толықтауыштың (косвенное дополнение – Қ.К.) да болуын қажет ететін етіс түрі беделді етіс болуы керек [6].

Ғалым тұжырымдары кейін Ы. Маманов еңбектерінде сабақтастық тапқан. Зерттеуші өзгелік етісті субъектінің қимылы объектіге тікелей емес, екінші біреу арқылы бағытталатынын білдіретін сабақты етістіктің грамматикалық формасы ретінде сипаттай келіп, қимыл иесі бір істі тікелей өзі істемей, екінші біреуге істетіндігін көрсететінін айтады. Ы. Маманов өзгелік етіске былайша анықтама береді: «Өзгелік етістің анықтамасы: қимылдың түп иесі атау септігінде, бастауыш қызметінде жұмсалады да, қимылды тікелей орындаушы барыс септігінде жанама толықтауыш қызметін атқарады... Сөйтіп, өзгелік етістік болу үшін, ол сөйлемде барыс септігіндегі жанама толықтауыш қызметіндегі агенсті керек етеді. Агенс сөйлемде айтылуы да, айтылмауы да мүмкін. Салт етістіктен өзгелік етіс жұрнағы арқылы жасалған сабақты етістіктер агенсті керек етпейді. Салт етістіктен сабақты етістікке айналған етістік тұлғасын өзгелік етіске айналдыру үшін оның үстіне тағы да өзгелік етс жұрнақтарының біреуі жалғануы шарт» [7, 42]. Өзгелік етістің сабақты етістен ғана жасалатыны туралы С. Исаев та атап көрсеткен болатын: «Өзгелік етіс қосымшасы салт етістікке жалғанғанда, салт етістіктен бірден өзгелік етіс тудырмайды, тек салт етістікті сабақты етіске айналдырады, енді осы сабақты етістікке екінші рет етіс қосымшасы жалғанғанда барып өзгелік етіс жасалады [8, 181]. Ғалым өзгелік етістің өзіндік ерекшелігін толық түсініп, оны былайша сипаттайды: «Өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші субъекті (ол екінші субъекті, қимылды, іс-әрекетті тікелей орындап, іске асырушы субъекті агенс деп аталады) арқылы істелетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен (кез келген етістіктен емес) белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады. Демек, өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады: бірі – іс-әрекетті, қимылды орындатушы иесі, сөйлемде ол грамматикалық бастауыш қазметінде болады, яғни бұл логикалық субъекті әрі грамматикалық субъекті болады, екіншісі, іс-әрекетті, қимылды тікелей орындаушы субъекті (агенс) ол сөйлемде берілмеуі де мүмкін, берілсе, барыс септік тұлғасында тұрып, ол сөз сөйлемде жанама толықтауыш қызметін атқарады. Бұл – бір. Екіншіден, өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалады, сабақты етістікке өзгелік етіс қосымшасы үстелгенде, ол баяндауыш болып тұрған сөйлемде тек іс-әрекет, қимылды тікелей атқарушы барыс септіктегі екінші субъект (агенс) ғана пайда болады, баяндауыш сабақты етістікті сөйлемде іс-әрекетті орындатушы субъекті мен объект өзгелік етіс қосымшасы қосылмай тұрғанның өзінде бар болатын» [8, 181].

Етіс тұлғаларының мағынасы мен қызметінің тілдік санадағы көрінісін айқындау мақсатында арнайы дайындалған кестені толтырту арқылы оқушылар, студенттер, аудармашылар, оқытушылар және маман емес адамдар арасында эксперимент жүргізілді.

Информанттардың жалпы саны – 60, олардың 54-і қазақ тілін еркін меңгерген, ана тілім деп есептейді. Ал алтауы қазақ тілін үйреніп жүр.

Информанттардың жас мөлшері – 13 жас пен 56 жас аралығы.

Эксперимент материалдары – қазақ тіліндегі етіс тұлғалары.

Эксперимент мақсаты – етіс тұлғаларының қызметі мен мағынасын ажырату арқылы осы тұлғаларды

информанттардың тілдік санасындағы қызметін анықтау. Сол арқылы сөйлерменнің тілдік санасына көңіл бөлу, қазақ тілін ана тілім деп есептейтін, еркін меңгерген сөйлермендер мен қазақ тілін жаңадан үйреніп жүрген сөйлеушілердің тілдік санасындағы, сондай-ақ қазақ тілін үйретіп, қазақ тілі бойынша дәріс беріп жүрген мұғалімдер мен орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасап жүрген аудармашылардың тілдік санасындағы етіс тұлғаларының қызметін айқындау.

Эксперимент тапсырмалары бірнеше бағытта жүргізілді:

- етіс тұлғаларын ажырату үшін формаларын беріп, информанттарға ол тұлғалардың қай етіске тиесілі екенін ажырату, сонан соң мысал келтіру;

- етіс тұлғаларын қатыстырып, сөйлем құрату, сонан соң оның қай етіс тұлғасы екенін анықтау; етіс тұлғаларын қатыстырып, сөйлем құрату, ол сөйлемдерді орыс тіліне аударту, сонан соң етіс тұлғасының қай етіске тиесілі екенін анықтау;

- етіс тұлғаларының қай етіске тиесілі екенін көрсетіп, сонан соң мысал келтіру.

Информанттарға тапсырмалардың бір түрі ғана берілді. Яғни информанттарға 4 түрлі тапсырма берілді. Тапсырма беруде қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне, аудармашылар мен қазақ тілін жаңадан үйреніп жүрген сөйлеушілерге ерекше мән беріліп, тапсырма соған сәйкес берілді. Мұнда тұлғадан мағынаға қарай және мағынадан тұлғаға қарай бағытталған зерттеу ұстанымдарына сәйкес информанттар бір тапсырмаларда алдымен етіс тұлғасының қай етіске тиесілі екенін көрсетіп, кейін мысалдар келтіру тапсырылса, енді бірқатар тапсырмаларда, керісінше, алдымен етіс тұлғаларын қатыстыра отырып, мысалдар келтіріп, кейін соның негізінде етіс түрін анықтау тапсырылды. Информанттар шақ тұлғаларының қай етіске тиесілі екенін +/- таңбалары арқылы белгілеу тапсырылды. Мұнда арнайы дайындалған кестеге бүгінгі таңда қазақ тілі оқулықтары мен грамматикаларында көрсетіліп жүрген етістермен қатар (өздік, ортақ, ырықсыз, өзгелік) «басқа етіс» және «жауап беруге қиналамын» түрінде арнайы екі орын (графа) қалдырылды.

Эксперимент қорытындысы бойынша, ортақ етіс пен өздік етіс қосымшаларының мағынасы мен қызметі 100% дұрыс көрсетілді. Ырықсыз етіс тұлғаларының мағынасы мен қызметін анықтауда информанттардың 10% жауап беруге қиналыпты. Бұл орайда экспериментке мамандарды ғана тартуды мақсат етпедік. Сол себепті қарапайым сөйлерменнің тілдік санасындағы көрінісін айқындау мақсатымен тілді меңгергенмен, мүлде басқа салада жұмыс істеп жүрген информанттар қамтылды. Информанттар арасында едәуір қиыншылық тудырған етіс тұлғалары – өзгелік етіске қатысты болды. Мұнда мектеп оқушылары мен мұғалімдер бірауыздан **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде таныған. Бір қызығы – алдымен тұлғаның қай етіске тән екенін анықтап, кейін мысал келтіру тапсырылған информанттардың барлығы да аталған жұрнақтарды (**-т, -қыз, -тыр, -р**) өзгелік етіс қосымшасы ретінде көрсеткен. Ал алдымен мысалын келтіріп, кейін тұлғаның қай етіске қатысты екенін анықтау тапсырылған информанттар, аудармашылар мысалды дұрыс келтіргенмен, бұл жұрнақтардың қай етіске қатысты екенін анықтауда жауап бермеген. 2 аудармашы аталған қосымшаларды «басқа етіске» жатқызған. Сол сияқты орыс тілді, қазақ тілін еркін меңгермеген 3 информант та мысалды дұрыс келтіргенмен, жұрнақтардың қай етіске қатысты екенін көрсете алмаған.

Эксперимент нәтижелерін зерделей келе мынадай қорытындыға келдік:

- информанттар үшін ортақ, өздік етіс тұлғалары ешқандай қиындық тудырмаған, барлық информант бұл етіс тұлғаларын дұрыс көрсеткен;

- қосымшалары ұқсас (**-ыл/-іл; -ын/-ін**) болғанмен, информанттардың 90% өздік етіс пен ырықсыз етіс тұлғаларын ажыратқан;

өзгелік етіс қосымшаларының қызметі мен мағынасын талдауда информанттар біраз қиналғаны байқалады. Мұнда қазақ тілі пәнінің мұғалімдері (2) мен мектеп оқушылары **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде көрсеткен. Бұл жұрнақтардың өзіндік ерекшеліктерін аудармашылар байқаған. Сондай-ақ қазақ тілін толық меңгере қоймаған информанттардың «жауап беруге қиналғанын» да аталған қосымшалардың мағыналық ерекшеліктерін байқағаны деп бағамдауға болады. Сондай-ақ 15 информант **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде көрсетіп, мысалдары да соған сәйкес келді.

Нәтижелер. Эксперимент нәтижелерін талдай отырып, қазақ тілін ана тілім деп санайтын, тілді еркін меңгерген, тіпті қазақ тілі пәні бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдердің тілдік санасында **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтары өзгелік етіс көрсеткіштері ретінде әбден қалыптасып, сіңіп қалғанын, ал аудармашылардың екі тілді салыстыру негізінде ол жұрнақтардың өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқағанын аңғарамыз. Сондай-ақ алдымен тұлғаның қай етіске тән екенін көрсетіп, кейін мысалдар келтірген информанттардың дені бұл жұрнақтарды өзгелік етіс қосымшасы ретінде көрсеткен, ал

алдымен мысалдар келтіріп, кейін ол тұлғаның қай етіс көрсеткіші екенін анықтаған информанттар бұл жұрнақтың қай етіске тән екенін ажыратуда қиналған. Яғни информанттардың тілдік санасында олар өзгелік етіс көрсеткіші ретінде толық қалыптаса қоймаған, нақты тілдік деректер оған мүмкіндік бермеген.

Бірқатар түркологтар төрт етістің жасалуына негіз болады деп есептеп, **негіз етісті** (основной или исходный залог) етіс категориясының құрамына қосып жүр. Осыған байланысты қазақ тіл білімінде негізгі етісті тануға байланысты екі түрлі бағыт қалыптасқан:

негізгі етісті етістің бір түрі деп көрсеткен еңбектердің қатарына: «Қазақ тілінің грамматикасы» (етіс категориясын жазған – А. Хасенова); А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі. Морфология»; Ш. Бектұров, М. Серғалиев «Қазақ тілі» т.б. еңбектерді жатқызуға болады.

Негізгі етісті етіс қатарына қосуға болмайды деп санайтын ғалымдардың қатарында Ы. Маманов, С. Исаев т.с.с. атауға болады.

Негізгі етістің басқа етістер сияқты өзіндік көрсеткіші де, етіс категориясына тән мағынасы да жоқ, ол субъектілік-объектілік қатынасты білдірмейді. Осыған байланысты С. Исаев: «Негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымнан, мейлі негізгі түбір, мейлі туынды түбір, мейлі күрделі түбір болсын, не семантикалық жағынан, не формалық жағынан, не синтаксистік қызметі, басқа сөздермен қарым-қатынасы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ екен. Бұл – бір. Екіншіден, грамматикалық я лексика-грамматикалық категория түрлеріне негіз болатын тұлға, яғни негізгі етіс деп аталған, дұрысында, етістік түбірі деген тұлға ол категорияның бір түрі бола алмайды, категория шеңберіне енбейді, сол категория түрлеріне негіз ғана болады. Сондықтан негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ, етіс категориясына, түрлеріне негіз болатын негізгі, туынды, күрделі етістік түбір деген ғана ұғым бар», – дейді [6, 178]. Ендеше, етіс категориясына қойылатын талаптың, анықтаманың шеңберіне мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да мүлде келмейтін форманы етіс деп тану – әлі де талас тудыратын мәселе. Олай болса, түркітануда неше жылдар бойы талас тудырып жүрген негізгі етістің орнына салт, сабақты етістерді етіс қатарында тануға әбден болады.

Етіс категориясына байланысты ғалымдар арасында үлкен талас тудырып жүрген мәселенің бірі – етістің табиғатына байланысты. Бірқатар ғалымдар (А. Хасенова) етісті сөзжасамдық қосымша ретінде таныса, енді бірқатары (Қ. Кемеңгерұлы, Ы. Маманов, С. Исаев) оны форма тудырушы қосымша ретінде таниды. Қ. Кемеңгерұлы етіс жұрнақтарының салт етісті сабақты етіске айналдыра алатынын айтып, «Қазақша-орысша тілмашта» етістерді жеке реестр ретінде бергенмен, етіс қосымшаларын сөз тудырушы жұрнақтар қатарында танымайды. Ы. Маманов етістіктің морфологиялық жігін: 1) лексикалық бүтін және 2) грамматикалық бүтін деп екіге ажыратып, лексикалық бүтінге түбір, туынды түбір, кіріккен түбір, қос түбір, тіркесті түбір (тіркесті сөздер) түріндегі сөздерді, ал грамматикалық бүтінге етіс, күшейтпелі етістіктерді (*барыңқыра, айтыңқыра*), күрделі етістіктерді (*қайнап кетті, жазып отыр*); есімше, көсемше, тұйық етістіктерді жатқызады [6, 8]. Яғни етісті грамматикалық категория аясында қарастырады. Н.К. Дмитриев «Грамматика башкирского языка», «Грамматика кумыкского языка», И.А. Батманов «Грамматика киргизского языка», М. Насилов «Учебник уйгурского языка», Н.П. Дыренкова «Грамматика шорского языка», Н. Сауранбаев «Қазақ тілі, «Қазіргі қазақ тілі», А. Хасенова, Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқайып «Қазақ тілі» етіс жұрнақтарының сөз тудырушылық қызмет атқаратынын айтса, Ы. Маманов оларды форма тудырушы жұрнақтар қатарында таниды, яғни етіс жұрнақтарының жалғанған сөзінің лексикалық мәнін өзгертпей, солармен коррелятивті түрде өмір сүретінін айтады: «Форма тудырушы жұрнақтар өзінің жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертпейді, тек сол жалғанған өзіне грамматикалық мағына үстейді. Форма тудырушы жұрнақ бір сөз табын екінші сөз табына аудармайды, бастапқы сөз қай сөз табы болса, форма тудырушы жұрнақ арқылы жасалған тұлға да сол сөз табына тән грамматикалық форма болып саналады. Мұндай грамматикалық тұлғалар өзі жасалған бастапқы тұлғамен коррелятивті түрде қатар өмір сүреді. Мысалы, етістік түбіріне **-ыңқыра/-іңкіре** жұрнағы жалғану арқылы жасалған күшейтпелі етістіктер: *ал – алыңқыра, жүр – жүріңкіре, же – жеңкіре, іш – ішіңкіре, көтер – көтеріңкіре*. Бұлардың лексикалық мағынасы бір, ал грамматикалық мағыналары басқа, жарыспалы түрде, қатар өмір сүреді [6, 23].

Қорытынды. Етіс тұлғаларының мәндері оқулықтар мен оқу құралдарында толық көрсетіле бермегенмен, тілімізде сақталып қалуы грамматикалық тұлғалардың этномәдени тұтастықты сақтап қалудағы қызметін көрсете алады. Бұл орайда академик Р. Сыздық тіл мәдениеті үшін күрестің тілдің бірнеше деңгейлеріндегі нормаларды сақтауға негізделетінін айтады: «Бүгінгі күрес мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне сай әлеуметтік қызмет өрісін кеңейту арқылы оның ұлттық тіл ретінде тарих көшінен қалып қоймауын көздеу. Тіпті дәлірек айтсақ, бүгінгі күрес – тілін сақтау арқылы

қазақ деген халықтың, қазақ деген ұлттың жойылып кетпеуіне жол бермеу үшін күрес, жан беріп, жан алысып жатқан айқас. Өйткені тіл сол халықтың даралық сипатын көрсететін ұлттық рухани-мәдени коды. Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, адамды сол халықтың туа біткен толыққанды мүшесі ететін күш, әр адамды сол тілді пайдаланушы халықтың тұлғасы етіп шығаратын құдіретті күш, тіл – ұлттық сананы түзетін құрал. Ол үшін тілді бүгінгі қазақша сөйлей алмайтындарға үйретіп жатқанымыздағы мақсат – күнделікті тіршілігімізде көше сұрай алатындай, магазиндегі не базардағы тауардың бағасын сұрай алатындай, қазақша амандасып, қайыр-қош айта алатындай дәрежеде білгізу емес, қазақшаны еркін сөйлей, оқи, жаза алатын дәрежеде білгізуіміз керек» [9].

Сонымен, қатынас тілде түрліше көрініс тауып, түрліше концептуалданады. Морфология деңгейінде ол етіс категориясы арқылы көрінеді. Бұл концепт тіл жүйесі мен сөйлеушіге бағытталады. Яғни етіс концепті етіс морфологиялық категориясы мен оның көрсеткіштері арқылы көрініс табатын концептуалды деңгейдің бірлігі болып табылады. Мектеп оқушыларына, университет студенттеріне қазақ тіліндегі етіс категориясының шынайы болмысын таныту үшін әр етістің өзіндік ерекшелігін, әсіресе өзгелік етістің кез келген етістіктен жасала бермейтінін, өзгелік етіс жасалуы үшін **-ғыз/-гіз, -дыр/-дір, -ыт/-іт** қосымшалары сабақты етіске ғана жалғануы керек екенін, ол қосымшалар салт етіске жалғанса, өзгелік етіс емес, сабақты етіс қана жасалатынын түсіндіре білу қажет. Тіл – ұлттың коды. Ұлттық кодымызды сақтау үшін алдымен ойымызды, сөзімізді түзеуіміз керек. Ол үшін грамматиканы ережелер жиынтығы ретінде емес, тіліміздің өзегі ретінде түсіндіруіміз керек әрі ол қолданыстағы тілімізбен сәйкес келуі керек.

Information about authors:

O.S. Zhubay – Acting Professor of Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: alm-ornai@mail.ru, phone: +7707 3983545, <https://orcid.org/0000-0001-7220-7869>;

Shormakova Arailym Botanovna – is a researcher at the Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics. E-mail: shormakova.arailym@tilbilimi.kz, 87475474262, <https://orcid.org/0000-0001-9551-3818>;

Ramazanov Talgat Bekbolatovich – is a researcher at the Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics. Almaty, Kazakhstan, take_kzz@mail.ru, phone. + 7-7025914637, <https://orcid.org/0000-0002-4405-5914>.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Дәулетбекова Ж. (2011) Қазақ тілін мән бере оқыту – білім сапасын арттырудың тетігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. - №4.

[2] Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы (2017) Астана: Алашорда. -752 б.

[3] Жұбанов Қ. (1999) Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым. – 581 б.

[4] Айдарбек Қ., Сүйерқұл Б. (2016) Ғылыми дискурстағы кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы жайында // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. - № 2 (56). – 12- 16-б.

[5] Қазақ грамматикасы (2002) – Астана. – 783 б.

[6] Кеменгерұлы Қ (1929) Оқу құралы. 2-кітап. – Қызылорда. – 194 б.

[7] Маманов Ы. (2007) Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс. – 488 б.

[8] Исаев С. (2008) Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс. – 624 б.

[9] Сыздық Р. (2005) Қазақ теледидарының тіл мәдениеті қандай? // Тіл және қоғам. – 2 (4). – 9-17-б.

REFERENCES

[1] Dauletbekova Zh. (2011) The study of the Kazakh language as a mechanism for improving the quality of education // Kazakh language and literature. - №4 (in Kazakh).

[2] The Legacy of Akhmet Baitursynov (2017) Astana: Alash Orda. - 752 p. (in Kazakh).

[3] Zhubanov K. (1999) research on the Kazakh language. - Almaty: Nauka. - 581 p. (in Kazakh).

[4] Aidarbek K., Suyurkul B. (2016) On the formation of a professional linguistic personality in scientific discourse // Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. The series “Philological sciences”. - № 2 (56). – 12- 16 p. (in Kazakh).

[5] Kazakh Grammar (2002) - Astana. - 783 p. (in Kazakh).

[6] Kemengeruly K. (1929) Textbook. Book 2. - Kyzylorda. - 194 p. (in Kazakh).

[7] Mamanov Y. (2007) Problems of Kazakh linguistics. - Almaty: Arys. - 488 p. (in Kazakh).

[8] Isaev S. (2008) Problems of Kazakh linguistics. - Almaty: Arys. - 624 p. (in Kazakh).

[9] Syzdyk R. (2005) What is the language culture of Kazakh television? // Language and society. - 2 (4). - pp. 9-17. (in Kazakh).

CONTENTS

ECONOMICS

| | |
|--|-----|
| S.U. Abdibekov, G.G. Shinet, A.A. Kuralbayev ANALYSIS OF DEVELOPMENT AND SUPPORT OF ALTERNATIVES OF THE PERSONAL HUSBANDRIES ABROAD..... | 6 |
| G.R. Baytayeva, Zh.B. Kenzhin, M.B. Sultanova, G.M. Kappassova, A. Azimkhan SOME PROBLEMS OF STATE AND LOCAL GOVERNMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN..... | 15 |
| S.Kh. Beisembekova, M.R. Sikhimbayev, D.R. Sikhimbayeva PUBLIC ADMINISTRATION PRIORITIES OF SUBSOIL USE IN KAZAKHSTAN..... | 21 |
| A.T. Bekturova, L.M. Sembieva, A.M. Petrov THE PRACTICE OF APPLYING INTERNATIONAL STANDARDS OF AUDITING AND FINANCIAL REPORTING IN THE BANKING SECTOR IN KAZAKHSTAN..... | 27 |
| D. Jamshidi, R. Doszhan, A. Sabidullina NEW ISLAMIC FINTECH TRENDS: MALAYSIA AND CENTRAL ASIA..... | 37 |
| K.B. Kashkimbayeva, E. Orazbek IMPROVEMENT OF TAXATION OF INDIRECT TAXES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN..... | 44 |
| N.N. Nurmukhametov, A.A. Apysheva, A.B. Temirova DIGITAL TECHNOLOGIES IN ECONOMICS AND MANAGEMENT AS A STRATEGIC VECTOR OF KAZAKHSTAN'S DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF THE EAEU DIGITAL AGENDA..... | 51 |
| K.G. Sadvakassova, A.M. Nurgazina, A.Z. Nurmagambetova, G.E. Kassenova ANALYSIS OF FINANCIAL PERFORMANCE AND SUSTAINABILITY IN KAZAKHSTANI AVIATION INDUSTRY IN PANDEMIC..... | 61 |
| G.S. Mukina, S.Ch. Primbetova, D.Z. Aiguzhinova, S.K. Zhetpysbayev, N.K. Mashrapov PROBLEMS OF INFLUENCE OF SMALL BUSINESS DEVELOPMENT AND SIMPLIFIED TAXATION SYSTEM ON THE SOCIO-ECONOMIC POTENTIAL OF THE STATE..... | 69 |
| B.M. Tassybay, S.K. Tazhikenova, G.B. Alina, A.K. Zhussupova, Ewa Katarzyna Czech ANALYSIS OF STRATEGIC PROBLEMS IN PPP IN 2016-2021 IN KAZAKHSTAN..... | 75 |
| V. Shebanin, O. Dovgal, N. Potryvaieva, U. Andrusiv THE INFLUENCE OF ECONOMIC GROWTH ON THE DEVELOPMENT OF "ISLAND COUNTRIES"..... | 83 |
| B. Shukurova, M. Kaiyrgaliyeva, Ch. Buharbaev, G. Aktailakova, G. Kerimbek WAYS TO IMPROVE THE EFFICIENCY OF COST MANAGEMENT AT THE ENTERPRISE..... | 90 |
| PEDAGOGY | |
| R.T. Abdraimov, B.S. Ualikhanov, T.A. Turmambekov ORGANIZATION OF PROFESSIONALLY DIRECTED LABORATORY WORK IN THE SECTION "ELECTRODYNAMICS" IN THE SCHOOL PHYSICS COURSE..... | 98 |
| F.B. Babakhanov, Peter Ziak, Sh.S. Sultanbekov, A.E. Abuov, A.S. Jumabayeva QUALITY MANAGEMENT OF EDUCATION BASED ON INFORMATION TECHNOLOGY..... | 106 |

| | |
|---|-----|
| M. Baimurat, R.Zh. Mukanova, O.S. Achkinadze, M.K. Yerkiybayeva, T.A. Aubakirov TEACHING STUDENTS OF PEDAGOGICAL UNIVERSITIES METHODS OF TEACHING CHEMISTRY AT SCHOOL..... | 112 |
| O. Vasiuk, S. Vyhovska, E. Gulac, M. Malys, V. Shust YOUNG STUDENTS' PATRIOTISM FORMATION: ORGANIZATIONAL LEGAL AND SOCIO-PEDAGOGICAL ASPECTS..... | 118 |
| O.S. Zhubay, T.B. Ramazanov, A.B. Shormakova PRINCIPLES OF TEACHING THE GRAMMATICAL CONCEPT OF «VOICE» IN THE COGNITIVE ASPECT..... | 125 |
| A.E. Ismagulova, G.M. Rakisheva, A.K. Kalymova, R.L. Kalimzhanova SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL BASES OF PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE SPECIALISTS IN THE CONDITIONS OF MODERN EDUCATION..... | 134 |
| A.K. Kypshakbayeva, A.H. Davletova, B. Kashkhyrbay, B.K. Saktaganov, Y.T. Yergeshov IMPLEMENTATION OF AN INTEGRATED MODEL OF TEACHING COMPUTER SCIENCE AND ENGLISH IN MODERN CONDITIONS..... | 140 |
| G.S. Makharova, S.A. Nurzhanova, A.T. Akzholova LINGUODIDACTIC POTENTIAL OF USING AUTHENTIC MATERIALS IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING..... | 147 |
| S.N. Ryskaliyev, A.B. Doshymbekov, R.V. Kenzikeyev, T. Aliev, A. Tuxanbayev SCIENTIFIC PEDAGOGICAL ISSUES OF PHYSICAL CULTURE TEACHERS PROFESSIONAL TRAINING..... | 154 |
| A.Sapargaliyeva, D.YE. Muratbekova PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE FORMATION OF SPEECH ACTIVITY IN CHILDREN OF YOUNG SCHOOL AGE..... | 162 |
| G. Seidalieva, L. Koishygulova, M. Sirotova., A. Beisekul, E. Cynthia FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCE AND COGNITIVE INTEREST BASED ON MODERN TECHNOLOGIES..... | 168 |
| N.B. Seisekeyeva, J. Birova, Zh.N. Bissenbayeva, L.Sh. Aripbayeva, Sh. Tukhmarova NEW TRENDS OF COMMUNICATIVE COMPETENCE FORMATION IN FOREIGN LANGUAGE..... | 173 |
| G. Smagulova, B.U. Otegen TEACHING KAZAKH LITERATURE BASED ON VALUES IN SECONDARY SCHOOLS..... | 179 |
| O.V. Fomichova, V.D. Shynkaruk, T.O. Olefirenko, S.V. Kurbatov, Iev.V. Shulga STUDENT-TEACHER RELATIONSHIP AS A FACTOR AFFECTING BULLYING-VICTIMIZATION DEGREE AT SCHOOLS..... | 187 |

PHILOLOGY

| | |
|--|-----|
| A. Amanbaeva, A. Fazylzhanova TERMS OF KAZAKH ETIQUETTE: THE FORMALITY OF TRADITIONAL PHRASES IN KAZAKH ETIQUETTE (BASED ON THE POETICS OF ZHYRAU)..... | 193 |
| B.I. Nurdauletova RUSSIANISMS IN THE LANGUAGE OF KASHAGAN ZHYRAU KURZHIMANULY..... | 200 |

| | |
|--|-----|
| A. Seidikenova, A. Bakitov, A. Abirova STRATEGIES FOR TRANSLATING OFFICIAL DOCUMENTS AND LEGAL TEXTS AND PROBLEMS THAT EMERGE IN THE PROCESS..... | 209 |
|--|-----|

LAW

| | |
|--|-----|
| A. Akmamyk, D.N. Aitzhanova, M.S. Aidashev, A.T. Akhmadieva, G.K. Kenzhetaeva MARKET MECHANISMS FOR ENSURING FREE COMPETITION..... | 216 |
|--|-----|

| | |
|--|-----|
| A.Yu. Nesterov PROCEDURAL FEATURES OF THE APPOINTMENT AND RELEASE FROM CRIMINAL PUNISHMENT OF MINORS: THE CRIMINAL PROCEDURAL ASPECT..... | 221 |
|--|-----|

| | |
|---|-----|
| S.R. Semenov, N.S. Semenov DEVELOPMENT OF INFORMATION RELATIONS BASED ON ECONOMIC INTEGRATION IN THE EAEU..... | 228 |
|---|-----|

HISTORY

| | |
|---|-----|
| B. Gainullinova ETHNO-DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF CENTRAL KAZAKHSTAN IN 1926-1939..... | 235 |
|---|-----|

| | |
|---|-----|
| M.K. Zhumangaliyev ON THE QUESTION OF THE ETYMOLOGY OF THE NAMES OF KIPCHAKS..... | 245 |
|---|-----|

POLITICAL SCIENCE

| | |
|---|-----|
| B. Satershinov, A. Abdiramanova RELIGION IN KAZAKHSTAN: CONTINUITY IN THE POLITICS OF COLONIALISM AND SOVIETIZATION..... | 252 |
|---|-----|

| | |
|--|-----|
| B. Seyidov, R. Mirzezade ACCESS STRATEGY OF AZERBAIJAN TOWARDS NEW CONTINENTS..... | 261 |
|--|-----|

МАЗМҰНЫ

ЭКОНОМИКА

| | |
|--|----|
| С.У. Абдибеков, Г.Ғ. Шінет, А.А. Құралбаев ШЕТЕЛДЕ ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ БАЛАМАЛАРЫ ДАМУЫТУ МЕН ҚОЛДАУДЫ САРАЛАУ..... | 6 |
| Г.Р. Байтаева, Ж.Б. Кенжин, М.Б. Султанова, Г.М. Каппасова, А. Азимхан МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 15 |
| С.Х. Бейсембекова, М.Р. Сихимбаев, Д.Р. Сихимбаева ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ..... | 21 |
| А.Т. Бектурова, Л.М. Сембиева, А.М. Петров ҚАЗАҚСТАҢДА БАНК СЕКТОРЫНДАҒЫ АУДИТ ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ..... | 27 |
| Д. Джамшиди, Р. Досжан, А. Сабидуллина ИСЛАМДЫҚ ФИНТЕХТІҢ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: МАЛАЙЗИЯ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ..... | 37 |
| К.В. Кошкимбаева, Е. Оразбек ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАНАМА САЛЫҚ АЛУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ..... | 44 |
| Н.Н. Нұрмұхаметов, А.А. Апышева, А.Б. Темирова ЭКОНОМИКА МЕН БАСҚАРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАЭО ЦИФРЛЫҚ КҮН ТӘРТІБІНІҢ КОНТЕКСИНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ВЕКТОРЫ РЕТІНДЕ..... | 51 |
| К.Г. Садвакасова, А.М. Нургазина, А.З. Нурмагамбетова, Г.Е. Касенова ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВИАЦИЯ САЛАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ..... | 61 |
| Г.С. Мукина, С.Ч. Примбетова, Д.З. Айгужинова, С.К. Жетпысбаев, Н.К. Машрапов ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ МЕН САЛЫҚ САЛУДЫҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЖҮЙЕСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНЕ ӘСЕР ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 69 |
| Б.М. Тасыбай, С.К. Тажикенова, Г.Б. Алина, А.К. Жунусова, Ева Чеш ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ 2016-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ МЖӘ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ТАЛДАУ..... | 75 |
| В. Шебанин, О. Довгаль, Н. Разливаева, У. Андрусив "АРАЛ ЕЛДЕРІНІҢ" ДАМУЫНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ӨСЕРІ..... | 83 |
| Б.М. Шукурова, М.Г. Кайыргалиева, Ш.М. Бухарбаев, Г.Н. Актайлакова, Ғ.Е. Керімбек КӘСІПОРЫНДА ШЫҒЫНДАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ..... | 90 |

ПЕДАГОГИКА

| | |
|---|----|
| Р.Т. Абдраимов, Б.С. Уалиханова, Т.А. Турмамбеков МЕКТЕПТЕГІ ФИЗИКА КУРСЫНДА "ЭЛЕКТРОДИНАМИКА" БӨЛІМІ БОЙЫНША КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ..... | 98 |
|---|----|

| | |
|---|-----|
| Ф.Б. Бабаханов, Питер Жак, Ш.С. Султанбеков, Ә.Е. Әбуов, А.С. Джумабаева АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАСҚАРУ..... | 106 |
| М. Баймұрат, Р.Ж. Муканова, О.С. Ачкинадзе, М.К. Еркибаева, Т.А. Аубакиров ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНЕ МЕКТЕПТЕГІ ХИМИЯ ПӘНІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІН ОҚЫТУ..... | 112 |
| О. Васюк, С. Выговская, Е. Гулак, М. Малыш, В. Шусть СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАСТАР ПАТРИОТИЗМІ: ҰЙЫМДАСТЫРУ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР..... | 118 |
| О.С. Жұбай, Т.Б. Рамазанов, А.Б. Шормақова «ЕТІС» ГРАММАТИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІСІН КОГНИТИВТІ АСПЕКТІДЕ ОҚЫТУДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР..... | 125 |
| А.Е. Исмагулова, Г.М. Рақышева, А.Қ. Қалымова, Р.Л. Қалимжанова ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... | 134 |
| Қыпшақбаева А.Қ., Давлетова А.Х., Қашқынбай Б.Б., Сақтағанов Б.К., Ергешов Е.Т. ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕ ИНФОРМАТИКА ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ..... | 140 |
| Махарова Г.С., Нуржанова С.А., Ақжолова А.Т. ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ АУТЕНТТІК МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ..... | 147 |
| С.Н. Рысқалиев, А.Б. Дошыбеков, Р.В. Кензиков, Т.Х. Алиев, А. Туксанбаев ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 154 |
| А.Ж. Сапарғалиева, Д.Е. Муратбекова БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ..... | 162 |
| Г. Сейдалиева, Л. Қойшығұлова, М. Сиротова, А. Бейсекұл, Э. Синтия ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ПЕН ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... | 168 |
| Н.Б. Сейсекеева, Я. Бирова, Ж.Н. Бисенбаева, Л.Ш. Әріпбаева, Ш.К. Тухмарова ШЕТ ТІЛДЕ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ..... | 173 |
| Г.Н. Смағұлова, Б.Ү. Өтеген ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУ..... | 179 |
| Е.В. Фомичова, В.Д. Шинкарук, Т.О. Олефиренко, С.В. Курбатов, Е.В. Шульга ОҚУШЫ МЕН МҰҒАЛІМНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚОРЛАУ МЕН ҚҰРБАН БОЛУ ДЕҢГЕЙІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОР РЕТІНДЕ..... | 187 |

ФИЛОЛОГИЯ

А. Аманбаева, А. Фазылжанова

ҚАЗАҚ ЭТИКЕТІ ТЕРМИНДЕРІ: ҚАЗАҚ ЭТИКЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ТІРКЕСТЕРДІҢ
ФОРМУЛЬДЫЛЫҒЫ (ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ).....193

Б.И. Нұрдәулетова

ҚАШАҒАН ЖЫРАУ КҮРЖІМАНҰЛЫ ТІЛІНДЕГІ РУСИЗМДЕР.....200

А. Сейдикенова, А. Бақытов, А. Абирова

РЕСМИ ҚҰЖАТТАР МЕН ЗАҢ САЛАСЫНДАҒЫ МӘТІНДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ
СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ АУДАРМА ҮДЕРІСІНДЕГІ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР.....209

ҚҰҚЫҚТАНУ

А. Ақмамық, Д.Н. Айтжанова, М.С. Айдашев, А.Т. Ахмадиева, Г.К. Кенжетәева

ЕРКІН БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НАРЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....216

А.Ю. Нестеров

КӨМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ЖӘНЕ
БОСАТУДЫҢ ҮДЕРІСТІК ЕРЕКШЕЛІГІ: ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ АСПЕКТІСІ.....221

С.Р. Семенов, Н.С. Семенов

ЕАЭО-ДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯҒА НЕГІЗДЕЛГЕН АҚПАРАТТЫҚ
ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУЫ.....228

ТАРИХ

Б. Гайнуллинова

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1926-1939 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭТНО-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ДАМУЫ.....235

М.Қ. Жұманғалиев

«ҚЫПШАҚ» АТАУЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ.....245

САЯСАТТАНУ

Б. Сагершинов, А. Әбдіраманова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН: ОТАРЛАУ МЕН КЕҢЕСТЕНДІРУ САЯСАТЫНДАҒЫ
САБАҚТАСТЫҚ.....252

Б.М. Сейидов, Р. Мирзаде

ӘЗІРБАЙЖАННЫҢ ЖАҢА КОНТИНЕНТКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ СТРАТЕГИЯСЫ.....261

СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИКА

| | |
|---|----|
| С.У. Абдибеков, Г.Ф. Шинет, А.А. Куралбаев АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ И ПОДДЕРЖКИ АЛЬТЕРНАТИВ ЛИЧНОГО ПОДСОБНОГО ХОЗЯЙСТВА ЗА РУБЕЖОМ..... | 6 |
| Г.Р. Байтаева, Ж.Б. Кенжин, М.Б. Султанова, Г.М. Каппасова, А. Азимхан НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО И МЕСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ..... | 15 |
| С.Х. Бейсембекова, М.Р. Сихимбаев, Д.Р. Сихимбаева ПРИОРИТЕТЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЕМ КАЗАХСТАНА..... | 21 |
| А.Т. Бектурова, Л.М. Сембиева, А.М. Петров ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ СТАНДАРТОВ АУДИТА И ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ В БАНКОВСКОМ СЕКТОРЕ..... | 27 |
| Д. Джамшиди, Р. Досжан, А. Сабидуллина НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ИСЛАМСКОГО ФИНТЕХА: МАЛАЙЗИЯ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ..... | 37 |
| К.В. Кошкимбаева, Е. Оразбек СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ КОСВЕННЫХ НАЛОГОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН..... | 44 |
| Н.Н. Нурмухаметов, А.А. Апышева, А.Б. Темирова ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ЭКОНОМИКЕ И УПРАВЛЕНИИ КАК СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ВЕКТОР РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ ЦИФРОВОЙ ПОВЕСТКИ ЕАЭС..... | 51 |
| К.Г. Садвакасова, А.М. Нургазина, А.З. Нурмагамбетова, Г.Е. Касенова АНАЛИЗ ФИНАНСОВЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ И УСТОЙЧИВОСТИ АВИАЦИОННОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ..... | 61 |
| Г.С. Мукина, С.Ч. Примбетова, Д.З. Айгужинова, С.К. Жетпысбаев, Н.К. Машрапов ПРОБЛЕМЫ ВЛИЯНИЯ РАЗВИТИЯ МАЛОГО БИЗНЕСА И УПРОЩЕННОЙ СИСТЕМЫ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ НА СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ГОСУДАРСТВА..... | 69 |
| Б.М. Тасыбай, С.К. Тажикенова, Г.Б. Алина, А.К. Жунусова, Ева Чеш АНАЛИЗ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ В СФЕРЕ ГЧП В 2016-2021 ГОДАХ В КАЗАХСТАНЕ..... | 75 |
| В. Шебанин, О. Довгаль, Н. Разливаева, У. Андрусив ВЛИЯНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА НА РАЗВИТИЕ «ОСТРОВНЫХ СТРАН»..... | 83 |
| Б.М. Шукурова, М.Г. Кайыргалиева, Ш.М. Бухарбаев, Г.Н. Актайлакова, Г.Е. Керимбек ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ЗАТРАТАМИ НА ПРЕДПРИЯТИИ..... | 90 |

ПЕДАГОГИКА

| | |
|---|----|
| Р.Т. Абдраимов, Б.С. Уалиханова, Т.А. Турмамбеков ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО НАПРАВЛЕННЫХ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ ПО РАЗДЕЛУ «ЭЛЕКТРОДИНАМИКА» ШКОЛЬНОГО КУРСА ФИЗИКИ..... | 98 |
|---|----|

| | |
|--|-----|
| Ф.Б. Бабаханов, Питер Жак, Ш.С. Сұлтанбеков, А.Е. Абуов, А.С. Джумабаева УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ НА ОСНОВЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ..... | 106 |
| М. Баймурат, Р.Ж. Муканова, О.С. Ачкинадзе, М.К. Еркибаева, Т.А. Аубакиров ОБУЧЕНИЕ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗОВ МЕТОДИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ХИМИИ В ШКОЛЕ..... | 112 |
| О. Васюк, С. Выговская, Е. Гулак, М. Малыш, В. Шусть ПАТРИОТИЗМ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ: ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ..... | 118 |
| О.С. Жубай, Т.Б. Рамазанов, А.Б. Шормакова ПРИНЦИПЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ГРАММАТИЧЕСКОГО КОНЦЕПТА «ЗАЛОГА» В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ..... | 125 |
| А.Е. Исмагулова, Г.М. Ракишева, А.К. Калымова, Р.Л. Калимжанова НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ..... | 134 |
| А.К. Кыпшакбаева, А.Х. Давлетова, Б.Б. Қашқынбай, Б.К. Сактаганов, Е.Т. Ергешов ВНЕДРЕНИЕ ИНТЕГРИРОВАННОЙ МОДЕЛИ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ..... | 140 |
| Г.С. Махарова, С.А. Нуржанова, А.Т. Акжолова ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АУТЕНТИЧНЫХ МАТЕРИАЛОВ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ..... | 147 |
| С.Н. Рысқалиев, А.Б. Дошыбеков, Р.В. Кензикаев, Т.Х. Алиев, А. Туксанбаев. НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ..... | 154 |
| А.Ж. Сапаргалиева, Д.Е. Муратбекова ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ РЕЧЕВОЙ АКТИВНОСТИ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА..... | 162 |
| Г. Сейдалиева, Л. Койшигулова, М. Сиротова., А. Бейсекүл, Э. Синтия ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ И ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА НА ОСНОВЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ..... | 168 |
| Н.Б. Сейсекеева, Я. Бирова, Ж.Н. Бисенбаева, Л.Ш. Арипбаева, Ш.К. Тухмарова НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА ИНОСТРАННОМ ЯЗЫКЕ..... | 173 |
| Г. Смагулова, Б.У. Отеген ОБУЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ НА ОСНОВЕ ЦЕННОСТЕЙ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ..... | 179 |
| Е.В. Фомичова, В.Д. Шинкарук, Т.О. Олефиренко, С.В. Курбатов, Е.В. Шульга ВЗАИМООТНОШЕНИЯ УЧЕНИКА И УЧИТЕЛЯ КАК ФАКТОР, ВЛИЯЮЩИЙ НА СТЕПЕНЬ БУЛЛИНГ-ВИКТИМИЗАЦИИ В ШКОЛАХ..... | 187 |

ФИЛОЛОГИЯ

- А. Аманбаева, А. Фазылжанова**
ТЕРМИНЫ КАЗАХСКОГО ЭТИКЕТА: ФОРМУЛЬНОСТЬ ТРАДИЦИОННЫХ ВЫРАЖЕНИЙ
В КАЗАХСКОМ ЭТИКЕТЕ (НА ОСНОВЕ ПОЭТИКИ ЖЫРАУ).....193
- Б.И. Нурдаулетова**
РУСИЗМЫ В ЯЗЫКЕ КАШАГАН ЖЫРАУ КУРЖИМАНУЛЫ.....200
- А. Сейдикенова, А. Бақытов, А. Абирова**
СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА ОФИЦИАЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ И ЮРИДИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ
И ВОЗНИКАЮЩИЕ ПРОБЛЕМЫ ПРИ ПРОЦЕССЕ ПЕРЕВОДА.....209

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

- А. Акмамык, Д.Н. Айтжанова, М.С. Айдашев, А.Т. Ахмадиева, Г.К. Кенжетева**
РЫНОЧНЫЕ МЕХАНИЗМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СВОБОДНОЙ КОНКУРЕНЦИИ.....216
- А.Ю. Нестеров**
ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ НАЗНАЧЕНИЯ И ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ УГОЛОВНОГО
НАКАЗАНИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ: УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ АСПЕКТ.....221
- С.Р. Семенов, Н.С. Семенов**
РАЗВИТИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ОТНОШЕНИЙ НА ОСНОВЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
ИНТЕГРАЦИИ В ЕАЭС.....228

ИСТОРИЯ

- Б. Гайнуллинова**
ЭТНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА
В 1926-1939 ГОДЫ.....235
- М.К. Жумангалиев**
К ВОПРОСУ ОБ ЭТИМОЛОГИИ НАЗВАНИЙ КЫПЧАКОВ.....245

ПОЛИТОЛОГИЯ

- Б. Сатершинов, А. Абдираманова**
РЕЛИГИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ В ПОЛИТИКЕ КОЛОНИАЛИЗМА
И СОВЕТИЗАЦИИ.....252
- Б.М. Сеидов, Р.Р. Мирзаде**
СТРАТЕГИЯ ДОСТУПА АЗЕРБАЙДЖАНА К НОВЫМ КОНТИНЕНТАМ.....261

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Редакторы: *М.С. Ахметова, А. Ботанқызы, Р.Ж. Мрзабаева, Д.С. Аленов*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 10.02.2022.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

17,5 п.л. Тираж 300. Заказ 1.